Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 10 ақпандағы № 92 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 ақпанда № 6808 болып тіркелді. Күші жойылды. Ақтөбе облысы Хромтау ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 19 ақпандағы № 55 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы әкімдігінің 19.02.2025 № 55 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы " Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18 бабының 22) тармақшасына, 31 бабына сәйкес, Хромтау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану Қағидалары бекітілсін.

2. Хромтау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 312 " Коммуналдық меншікке келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5851 тіркелген, 2018 жылғы 18 қаңтарда аудандық "Хромтау " газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Ақтөбе облысының Хромтау аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Хромтау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Хромтау ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Хромтау ауданының әкімі *Н. Алдияров*

Хромтау ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 10 ақпандағы № 92 қаулысына қосымша

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану Қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына сәйкес жасақталды және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) жануарлар - ауыл шаруашылығы және үй жануарлары;

2) иесіз жануарлар - иелері бар, және уақытша олардың иелігінен (қамқорлығынан) шыққан, иелері жоқ немесе иелері белгісіз, сонымен қатар иесі оларға меншік құқығынан бас тартқан жануарлар;

3) жануардың иесі - меншігінде немесе өзгеше иелігінде жануары бар жеке немесе заңды тұлға;

4) жергілікті атқарушы орган - жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы функцияларды іске асыруға уәкілетті жергілікті мемлекеттік атқарушы орган.

2. Иесіз жануарларды пайдалану

3. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам оларды меншік иесіне қайтаруға, ал егер оның өзі немесе тұрған жері белгісіз болса, осындай жануарларды ұстаған кезден бастап үш күннен кешіктірмей табылған жануарлар туралы ішкі істер органдарына немесе жергілікті атқарушы органдарын мәлімдеуге міндетті, олар меншік иесін іздестіру шараларын қолданады.

Жануарлардың меншік иесін іздестіру кезеңінде жануарларды ұстаушы адам оларды өзінің бағуында және пайдалануында қалдыруы, не ол бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар басқа адамға тапсыруы мүмкін.

Жануарларды ұстап алған адамның өтініші бойынша оларды бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар адамды іздеп табуды және оларға жануарларды беруді ауданның жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

4. Жануарларды ұстап алған адам және олар бағуы мен пайдалануына берілген адам жануарлардың өлім-жітімі мен іске жарамай қалғаны үшін бұған кінәсі болған кезде ғана және сол жануарлардың құны мөлшерінде жауапты болады.

5. Жануарларды меншік иесіне қайтарған ретте жануарларды ұстап алған адам және жануарларды бағып, пайдаланып келген адам сол меншік иесінен жануарларды пайдаланудан алынған пайданы есепке жатқыза отырып, оларды бағуға байланысты өз шығындарына өтем алуға құқылы.

6. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам олардың меншік иесінен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 245-бабының 6-тармағына сәйкес сыйақы төлеуді талап етуге құқылы.

3. Қараусыз жануарларға мемлекеттік меншік құқығының пайда болуы

7. Өзінің бағуында болған жануарларды меншігіне алудан бас тартқан жағдайда олар аудандық коммуналдық меншікке түседі және осы Қағидалармен айқындалған тәртіпте пайдаланылады.

8. Жануарлар басқа адамның меншігіне көшкеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген ретте сол жануарлардың өзіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін жағдайлар болған кезде меншік иесі жаңа меншік иесімен келісім бойынша белгіленетін шарттармен, ал келісімге келмеген кезде - сот арқылы оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

9. Егер жұмыс малы мен ірі қараны ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап алты ай ішінде және басқа үй жануарлары жөнінде - екі ай ішінде олардың меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға меншік құқығы жануарларды баққан және пайдаланған адамға көшеді.

4. Қорытынды ережелер

10. Қараусыз қалған жануарларды сатудан түскен қаражат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті бюджеттің кірісіне толық есептеледі.

11. Қараусыз қалған жануарларды есепке алу, бағалау, сату және өтеусіз беру жөніндегі шығыстар жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Қараусыз жануарларды коммуналдық меншікке қабылдау үшін негіз болған актінің сотпен күші жойылған жағдайда, уәкілетті орган қараусыз жануарды бұрынғы иесіне қайтарады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК